

УДК 82:81–26

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы салт-дәстүрге қатысты  
сөздердің этнолингвистикалық сипаты

Абдрашева А.Қ.,  
магистрант,  
А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ,  
Қостанай қ., Қазақстан

*Аннотация*

Автор бұл мақаласында ұлы суреткердің өз шығармаларында қазақ мәдениетін, яғни халық тіл байлығын, әр алуан этнографиялық, бұйымдық-рухани мәдениетке байланысты лексикалық қабаттардың қай-қайсысын қажетінше қамти пайдаланғанын тілге тиек етеді. Қаламгер шығармаларының тілінен қазақ халқының өміріне қатысты белгілі де белгісіз салт-дәстүрлердің, ұлттық ерекшеліктерді танытатын қазақ халқының ұлттық сипатын білдіретін этнографизмдердің барлығын кездестіруге болатындығын көркем шығарма тілінен мысалдар келтіріп, дәлелдейді.

*Аннотация*

Автор статьи отмечает, что выдающийся писатель в своих произведениях широко использует казахскую культуру, богатство языка, связанное с различными этнографическими, предметно-духовными лексическими слоями. В произведении писателя, в котором освещены все стороны жизни казахского народа, использованы этнографизмы, обозначающие родственные отношения, отображающие национальный характер казахского народа, его особенности, известные и неизвестные обычаи и традиции.

*Abstract*

The author in his article points out that the outstanding writer in his works widely uses the Kazakh culture, that is the richness of language connected with the various ethnographic, subject-lexical spiritual layers. He says that the language of the writer consists of the rich vocabulary of spiritual culture, national mentality and relation.

In connection with this with the help of writer's language and examples from his works we can see all ethnographisms showing the national character of the Kazakh people and its features, familiar and unknown customs and traditions.

**Түйінді сөздер:** тіл, этнос, мәдениет, салт-дәстүр, этнографизм, ұлттық ерекшеліктер, көркем шығарма.

**Ключевые слова:** язык, этнос, культура, традиция, этнографизм, национальные особенности, художественное произведение.

**Key words:** language, ethnos, culture, tradition, ethnography, national specific, artistic composition.

**1. Кіріспе.**

Жазушы Мұхтар Әуезовтің бар ғұмыры ғасырлар қойнауынан жеткен қара сөз бен өлең сөздің құпия қатпарларын зерттеп, ерекше ықыласпен қабылдап, оның өз ұлтының этносына сұлу да сырлы, терең көрінетін жұмбақ қасиетіне нұр қосып, құнарлы тілдің тұқымын егіп, жемісін сан ұрпаққа мәдени мұра етіп қалдырумен өтті. Қаламгердің көркемсөзді сүюін сол сөздерді өз туындыларында дөп басып пайдалану шеберлігінен байқауға болады.

Ұлы суреткер алғашқы туындыларының өзімен-ақ бүкіл тіршілігі сөз бағып, сөз өсірумен келе жатқан дала тұрғындарының дара менталитетін, салт-дәстүрін дәл андап, айтар ойына алтын айдар тағуды машық қылды (Сыздық Р., 1997, 23 б.).

Дәстүр – мәдениеттілік белгісі. Ол ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани байлық. Сонымен қатар бұл уақыт сынына төзген, өркениетке бет бұрған халықтың барынша жүйеленіп қалыптасқан өзіне тән өмір сүру формасы («Ата жолы» тарихи танымдық сайты: <http://www.atazholy.kz>).

Салт-дәстүр уақыт талабына сай кешегінің негізінде дамып, жаңарып отырады. Әр халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы сол халықтың келбеті, тәрбиелік ережесі іспеттес болатыны белгілі.

Қазақтың тұлғалы ғалымы Қаныш Сәтбаев «Абай жолы» – қазақ өмірінің жарты ғасырлық энциклопедиясы» деп дәл анықтама берген. Әуезов Абай өмірін шығармаға өзек ете отырып, сол тұстағы халықтың өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, дәстүрін терең қамтып зор шыншылдықпен көз алдымызға әкелді. Үш жыл оқып елге келе жатқан 12–13 жастағы баланың 60 жасқа жуықтағанға дейінгі өмірін оқып отырып, Абаймен бірге ғұмыр кешкендей әсерде боласыз. Мұхтар Әуезовтей қазақ халқының салт-дәстүрін жетік әрі терең білетін автор болмаса керек деп ойлаймын. Адамның туғаннан бастап ана өмірге кеткенге дейінгі өмірінде кездесетін торқалы той мен топырақты өлімде көрінетін салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың барлығын кездестіруге болады. Ол жазушының «Еңлік-Кебек», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қаралы сұлу», «Қыр суреттері» сынды шағармаларында біршама көрініс тапса, «Абай жолында» жан-жақты қамтылады. Абайдың Ділдәмен үйленуі, Әйгеріммен үйленуі, Айдар мен Ажардың тағдыры бейнеленетін сюжеттердің барлығы біздің ұлтқа ғана тән салт-дәстүрлердің әдемі жиынтығы іспеттес. Құда түсу, қыз көру, қыз ұзату, ұрын бару кезінде жасалатын кәделер, құйрық-бауыр жеу, неке қияр барлығы да «Абай жолында» кең қамтылған әдет-ғұрыптар. Өлім жөнелтуге байланысты қазаны естірту, жоқтау, дауыс салу, қаралы ту тігу, қаралы атты күзеу, көшкенде қаралы аттың ер тоқымына қайтыс болған кісінің киімін жауып қойып оны бос жетекке алу, ас беруде қаралы атпен көрісу, қаралы туды жығу, көші-қонға қатысты салттар ерулік, қарулық, жұрт майлау, қымыз-мұрындық сынды ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптардың жиынтығы біртұтас суреттелген бір туынды болса, осы «Абай жолы» деп айтуға болады. Салт-дәстүрден өзге аңшылық, саятшылыққа қатысты қанжыға майлау, олжаны біреудің қанжығасына байлау, олжа салу сынды кәделер «Абай жолында» қанық бояумен боялғандай көрінеді.

## 2. Талқылау.

Мұхтар Әуезовтің қай шығармасының тілін алсақ та қазақ халқының мәдениетіне тән, этномәдени шеңбері ауқымды, ұлттық нақышқа бай. Сондықтан бүгінгі таңда туған жекелеген байсалды еңбектерге қарамастан, оның мұрасы әлі ұзақ уақыт жан-жақты, сан алуан, әр бағыттағы зерттеулердің объектісі болып отыр. Қазақ халқының ежелгі дәстүрлері, ертеден келе жатқан белгілі адамдарға ас беру, бір жыл өткенше өліктің артын күту, азалы отбасының үй тігіп, ат тұлдап, қаралы көш жүргізу, жоқтау айтып, көрісу дәстүрі «Абай жолындағы» Бөжей өлімінде кеңінен бейнеленген. Тоқтала кетсек;

*Байдалы сүйекті орналастырып болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп қара тікті. Жаназасынан шығарғанға шейін өлік осында болмақ.*

*Сүйіндік жас кісі өлсе туы қызыл болатынын, кәрі кісі өлсе ақ болатынын айтып келді де, «Бөжейдің орта жасты кісінің туы – бір жағы ақ, бір жағы қызыл болуы керек» дегенді айтқан (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 37 б.).*

**Қара тігу (салт).** Кісі өлген үйдің үстіне ту тігіледі. Соған қарап ол үйдің қаралы үй екенін түсінуге болады. Қара тігілген үйді көргендер ол үйге соғып, дұға жасап өтетін болған. Мұндай үй кісі күтуге де дайын отырады. Жыл бойы жоқтау айтылады. Бұл халықтық рәсім марқұмның жылы өтіп, асы берілгенге дейін жалғасады («Ата жолы» тарихи танымдық сайты: <http://www.atazholy.kz>).

**Жаназ (дәстүр).** Қайтыс болған кісіні соңғы сапарға шығарып салу.

*Ең болмаса Бөжейдің жетісіне шейін, немесетінті қырқына шейін «жыласатын ағайынды», «бата оқырды» осы кең қоныс – шалқарда тоспақ болды (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап., 134 б.).*

**Бата қылу (салт).** Қайтыс болған адамға жақын-жуықтары мен ілік – жұрағаттары арнайы келіп бата қылады. Бата қылу – сыйластық пен адамгершіліктің, жақын көңілдің белгісі ретінде қалыптасқан ғұрып. Мысалы: Бөжейдің бата оқырына Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір тай сойыс пен Зере мен Ұлжан «азаға салғаным» деп түйе апарған екен.

...*Байдалы белдеудегі қараны суырып алып, Байсалға берді. Ол ырымын істеп, қараны жерге сұлатты да, табанымен басып, сындырылып тастады* (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 37 б.).

**Қара жығу (салт).** Кісі қайтыс болған күні тігілген қараны жығу салты. Ол шара марқұмның жылы беріліп, ас өткен соң жасалады. Яғни қара туды алып сындырады да, отқа жағып жібереді. Соңғы жоқтау айтылады. Бұл – қаралы жыл өтті, азалы күндер аяқталды деген сөз.

Қаламгердің шығармадағы бір ғана Бөжейдің өлімін суреттеуінен көненің көзіндей тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған өлікке қатысты салт-дәстүрлер мен ғұрыптардың барлығын кездестіріп, тұтас этномәлімет алуға болады. Бұлар қазақ халқына тән ертеден келе жатқан, әлі де жалғасын үзбей тауып келе жатқан этнографизмдер көрінісі.

Жазушы шығармаларында салт-дәстүрге байланысты сөздерді молынан пайдаланған. Бұл сөздердің этнолингвистикалық сипатын анықтап, стилистикалық мағынасын талдаудың қазақ тіл білімі үшін маңызы ерекше.

Жазушы тілінен ұлттық ерекшеліктерді танытатын қазақ халқының ұлттық сипатын білдіретін этнографизмдердің сан алуан түрін кездестіруге болады. Мысалы:

- *Ал, шешелер, көрімдік!*

- *Көрімдік кәні!*

- *Болмаса, балаларыңды көрсетпейміз, беті ұялады!*-деп, алғашқы келген келіншектер, күлген бойларында, шымылдықтың шетін ұстады.

- *Алыңдар! Көрімдік сендердікі! Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіңдер, алыңдар!*-деп, үлкен бәйбіше қолына **шашуын** алды. Сол сәтте атлас шымылдық шалқия ашылды. Күйеулер бұл кезде төмен иіліп, тәжім қып тұр екен. Үлкен бәйбіше:

- *Өмір жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылғасын, қарағым!*-деп **шашуын шашты** (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 182 б.).

Осы берілген үзінділерден халқымыздың сан алуан салт-дәстүрлерін көреміз. *Шымылдықтың тұтылуы, көрімдік сұрау, шашу шашу* – үйленуге байланысты жасалатын ғұрыптар. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан алынған бір ғана үзіндіде қазақ халқының этностық ерекшелігін танытатын ұлттық белгілер тұнып тұр.

Жазушы шығармаларында қолданылған этнографизмдердің барлығы да ұлттық болмыс пен ұлттық ерекшелікті көрсетуге қызмет еткен.

Қаламгер қазақ мәдениетін, яғни халық тіл байлығын, әр алуан этнографиялық, бұйымдық-рухани мәдениетке байланысты лексикалық қабаттарды қай-қайсысына да қажетінше қамти пайдаланған.

*Тогжан үйінің үлкендері жүріп кеткен соң, құрбылары жиылып, бастаңғы істеп жатыр* (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 210 б.).

**Бастаңғы (салт)** – қазақ жастарының дәстүрлі сауықтарының бірі. Үйдің үлкендері жолаушылап кеткенде ауылдың қыз-келіншектері сол үйге жиналып, Бастаңғы жасайды (Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл, 21 б.).

*Оспан мен Еркежан, Әубәкір мен Пәкізатты жөргегінен алып бауырларына салып өсірген. Ақылбайды Ұлжан өз бауырына салып, өз баласы қылып алды* (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 216 б.).

**Бауырына салу (сұрып)** – баласы жоқ адамдар біреудің баласын асырап алуы яғни бауырына салуы. Мұның да жөн-жоралары бар. Мысалы жаңа туған баланы асыраушы анасы шаранасынан етегіне салып алады. Қазақтың ежелгі заңы бойынша асыраушы адам жаңа туған балаға атын қойып, оң қолына асық жілік ұстатады. Асық жілік ұстаған бала сол үйдің баласы деп есептеледі. Кейде ата, әже өзінің бірінші немересін бауырына салып алады. Бірақ ол асырап алғанға жатпайды («Ата жолы» тарихи танымдық сайты: <http://www.atazholy.kz>).

*Базарға ертіп бар да, шешелеріне, інілеріне алатын базарлығы болса, өзің таңдап алып бер!* - деген (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 114 б.).

**Базарлық (дәстүр)** – алыс сапарға, саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны "базарлық" деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады (Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл, 26 б.).

*Ұйқыашар болсын, деп ойнап ем гайыпқа бұйырмаңыз, Жұмеке!* – деді (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 10 б.).

**Ұйқыашар (дәстүр)** – ұйқыашар дайындап өздеріне құрмет көрсетіп, қызмет етіп жүрген жігіттер сақина, сырға, білезік сияқты ескерткіш ретінде сый-сияпат ұсынады. Ол жігіттің "жаман" ойын сезген сезімтал қыздар, әрине, "селк" ете қалады. Сондықтан да бұл сый "селт еткізер" деп аталады (Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл. 13 б.).

*Сүндетке отырғызғанда, ауырсынып жылап жатып, «құдай-ай, бұл қорлықты көргенше қыз қып неге жаратпадың!...»* депті (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 136 б.).

**Сүндет тойы (салт)** – еркек баланы тақ жасында, яғни, 3, 5, 7 жасында сүндетке отырғызады. Бұл мұсылман елдерінде ғана емес басқа діндегі елдерде де бар. Сүндеттеудің денсаулыққа, тазалыққа да пайдасы зор. Баланы сүндеттеу үлкен рәсім. Ол әр ата-ананың борышы. Бұл рәсімнің «сүндет тойы» деген сияқты жөн-жоралары болады. «Қайырлы, құтты болсын» айтылып шашу шашылады. Сүндет міндетін бұрын қожа, молдаларға ғана тапсырылса, қазір оны дәрігерлерде жасай береді. Бұрынғы кезде ауқатты адамдар бала сүндеттегенде үлкен той жасаған. Оны «сүндет тойы» деп атаған (Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл. 29 б.).

*Осыдан екі жыл бұрын Құнанбай мен Алышынбай достығы құдалыққа соғып, осы Алышынбайдың Түсіп деген баласының Ділді деген қызын Абайға айттырысқан болатын* (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 77 б.).

**Құдалық (дәстүр)** – күйеу жігіттің әкесі баласы мен, өзінің жақындары мен құда түсуге келеді. Құда түсу – аса қызықты өтеді. Құдалардың келуі «құда түсер» деп айтылады. Алдын ала ескерту бойынша қыз әкесі өз туыстары мен жақындарына, сыйлас адамдарына хабарлайды. Құдаларды аса құрметпен, салтанатпен қарсы алады. Екі жақтың құдалары бірі-біріне құрметтеп сыйлықтар тапсырып қуанышқа бөленеді. Құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр т.б. Жігіт жағынан келген адам – «бас құда», күйеудің және қыздың әкесі – «бауыздау құда» – ең жақын адамдар. «Бас құда» жаңа жерге келген қыз үшін (келін) әр уақытты қымбат сыйлы адам болады. Жаңа түскен келін оны «ағеке» деп атайды, өйткені ол әр уақытта келінге назарын аударып жүреді. Келін оны әрқашан құрметтеп жүреді. «Құда түсу» – өте мағналы, аса жоғарғы дәрежеде қазақтың ұлттық болмысын көрсетеді (Кенжеахметұлы С., 2007, 31 б.).

**Қыз айттыру (дәстүр)** – әр түрлі болған. Егер ұл мен қыз әлі жас, мүмкін әлі дүниеге келмеген күнінде адамдар бірін-бірі жақсы білетін, дос, жолдас, дәрежелерінде тең адамдар, бірінікі ұл, не қыз болса құда болуға келіседі. Бұл атастыру деп аталады. Тумаған балаларымен құдаласу – «бел құда», бесіктегі балалары барлар құдаласса – «бесік құда» деп аталады (Кенжеахметұлы С., 2007, 24 б.).

*Мына шешелерің, жеңгелерің сыбаға әкеп, енді тарағалы отыр, қарағым* (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1,2-кітап. 47 б.).

**Сыбаға (дәстүр)** – құрметті, сыйлы адамға оның сыбағасын (қазанға) салады. Ақсақал мен құдаларға бас, жая, жамбас, белдеме, омыртқа – бәрі де дәмді ет. Құдағи, қыздарға, күйеулерге, балаларға тиісті мүшелері болады. Дәстүр бойынша кез келген жолаушыға, қонақ келген адамға тамақ асып (сыбаға) салған (Кенжеахметұлы С., 2007, 43 б.).

Қазақ әдебиетін былай қойып, әлем әдебиеті қазынасына ерекше қымбат көркемдік-эстетикалық игілік болып қосылған "Абай жолы" эпопеясы өз заманындағы көшпелі қазақ мәдениетін, тұрмыстық-этнографиялық өмірін қаз қалпында, қаймағын бұзбай көрсете білді.

*Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы. Шаш сипардың алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйы болады* (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 78 б.184).

**Қол ұстату (салт)** – Күйеу баланың киіз үйдің сыртында, қыздың үйдің ішінде тұрып, киіз үйдің жабығынан бір-біріне қолдарын ұсыну салты (Түсіндірмелі сөздік. 1974, 81б.).

**Шаш сипар (салт)** – Алғаш рет есік көре келген күйеуге қатысты рәсім (Түсіндірмелі сөздік. 1974, 170 б.).

*Ұлына жар таңдаған әке... адамды «жаушы» етіп жібереді* (Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1, 2-кітап. 1989. 78 б.).

**Жаушы (дәстүр)** – халық «қызды кім айттырмайды» десе де, қызын сұраған адамды жаудан бетер жек кереді. «Жаушы» деген сөз осыдан келіп шыққан. 4–5 адамды бастап келген «жаушы» дастархан үстінде әдемі сөз бастап, келге шаруасын айтып, өздері текті, іргелі, белгілі ел (ру) екенін, ондағы жақсы адамдарды айтып өтеді. Туыс-туғанымен, ақсақалдармен кеңескен әкесі келісім бергенде келген «жаушылар» баталасып, «қарғы бауын» өткізіп кідірмей аттанады. Қыз жағы жаушыға «шеге шапан» атты кәдесі жасайды. (яғни шапа кигізеді) Кейбір жерде, еліміздің шығыс, оңтүстік жақтарында құда болғысы келіп қыз сұрағанда «жаушылар» негізін шаруасын айтпай-ақ отырған жерінде немесе текемет кілемге біз шашып кетеді. Оны «біз шаншар» дейді. Бұл құда болайық деген сөз. Уәде бекінгеннен кейін күйеу жағы үкі тағады. Енді бұл қызды жұрт «айттырылған», «қалындық» немесе «үкі тағылған қыз» дейді.

Келтірілген мысалдардан М. Әуезовтің сол кездегі көне қазақ мәдениетін, салтын, этносын, халық тіл байлығын, әсіресе ондағы байырғы құбылыстарды, шешендік, нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді, билер астындағы және дәстүрлі сөз қолданыстарды, әр алуан этнографиялық, бұйымдық-рухани мәдениетке байланысты лексикалық қабаттарды қай-қайсысына да қажетінше қамтығанын көреміз.

М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы этнографизмдерді тілдік әрі халықтық болмыс тұрғысынан зерттеуі қазақ халқының мәдениетін тіл деректері арқылы танытуда қосқан зор үлес деп білеміз.

### **3. Қорытынды.**

Тәуелсіздік жылдарының әдебиетінен қазіргі нарықтық қатынастарға негізделген қоғам өмірінің түрлі қабаттары аңғарылмай қоймайды. Әсіресе кейіпкерлердің әрекет философиясын саралаған шақта қаламгерлердің ежелден келе жатқан кісілік парасатын аяқ асты қылмайтын әлеуметтік бағдары ұлттық өнердің күретамыры үзілмегенін дәлелдейді. Ұлттық мәдениеттің оты шырақтай жанып, тіріліп, түлеп ұшуға бейімделіп қалғандай.

Жазушы шығармаларының тілі рухани мәдениетке, ұлттық менталитетке, халықтық өлшемге, туыстыққа қатынастарға бай лексикадан тұрады. Қаламгер шығармаларының тілінен қазақ халқының өміріне қатысты белгілі де белгісіз салт-дәстүрлердің барлығын кездестіруге болады.

Бүгінгі күннің тірлік-тынысы күрделі өзгерістерге түскенмен, қара сөз дәстүрлі құрылымынан алшақтап кеткен жоқ. М. Әуезов тіліндегі биік өлшемдер эстетикалық, поэтикалық құндылығынан айрылар емес. Көрнекті қаламгерлер тілінде мұндай ұстаным толық сақталды десек, қателеспейміз.

#### **Әдебиет тізімі**

Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. 1, 2-кітап. – Алматы: «Жазушы», 1989.

Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрі». – Алматы кітап, 2007.

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл. – Алматы, 1994.

Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 1997.

Түсіндірмелі сөздік. – Алматы, 1974.

«Ата жолы» тарихи танымдық сайты: <http://www.atazholy.kz>